



ГТАХР 06.71.07

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-2-252-266>

## Кредиттік серіктестіктің қызметін бағалау және оның ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қаржылық қамтамасыз етудегі рөлі

Б.С. Утибаев<sup>1\*</sup>, Д.Т. Ахметова<sup>2</sup>, Р.М. Жунусова<sup>3</sup>

<sup>1,3</sup> С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: [ubs\\_51@mail.ru](mailto:ubs_51@mail.ru), [dinara09@mail.ru](mailto:dinara09@mail.ru), [ubs\\_51@mail.ru](mailto:ubs_51@mail.ru))

**Аңдатпа.** Мақалада қойылған мақсат болып ауыл шаруашылық кәсіпорындарды қаржылық қамтамасыз ету үрдісіндегі Несиелік серіктестіктің рөлі мен іс-әрекетін бағалау табылады. Абстрактілі-логикалық және статистикалық әдістерді қолдану арқылы атадымыш мақсатқа сәйкес Ақмола облысының «Целиноградское» атты Жауапкершілігі Шектелген Несиелік Серіктестіктің қызметін динамикада бағалау, оның ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге қаржылық қолдау көрсетудегі рөлін анықтау, сол тауар өндірушілерді несиелендірудің жағдайы, атап айтқанда несиелердің құрылымы мен оларды пайдалануы, және де соларға байланысты мәселелерді анықтау сияқты міндеттер қарастырылды.

Несиелік серіктестіктің кірістері мен шығыстарының жағдайы, ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерін несиелендіру көрсеткіштері, яғни олардың динамикалық және құрылымдық өзгерістері бағаланды. Нәтижесінде экономикалық тұрғыдан алғанда таза пайданың өсуі, ең алдымен, кірістің өсу қарқыны шығыстың өсу қарқынынан жоғары болуына байланысты екені анықталды.

«Целиноградское» Несиелік ЖШС-тің делдалдық қызметі бірнеше жылдық динамикада қатысушы саны, бағыттар бойынша берілген несиелердің көлемі, оларды қайтару көрсеткіштері негізінде талданып, несиелік серіктестік қызметінің оң нәтижесі ретінде динамикада ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге берілетін несиелер көлемінің өсу тенденциясы анықталды. Ал несиелік серіктестіктің қызметінің тиімділігі мақалада келтірілген қатысушылардың алынған несиелер арқылы өздерінің өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін жақсартуымен дәлелденген.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерді Несиелік серіктестіктер арқылы несиелендіру механизмін әрі қарай дамыту сол серіктестік мүшелерінің өндірістік және қаржылық қызметтерінің нәтижелері мен олардың көлемдерін есепке ала отырып іске асыруы тиіс, яғни несиелерді ең алдымен ойдағыдай іс-әрекет жүргізуші кәсіпорындар алуы тиіс.

**Түйін сөздер:** мемлекеттік қаржылық институттар, Несиелік серіктестер, қаржылық қолдау, ауыл шаруашылық тауар өндірушілер, несиелендіру, іс-әрекет тиімділігі, салыстырмалы бағалау, кәсіпорындардың өндірістік және қаржылық қызметтері.

## **Кіріспе**

Қаржы-несие ресурстарын пайдаланудың тиімділігі көбінесе оларды салалар бойынша бөлу және түпкілікті алушыға жеткізу әдістерімен анықталады. Ауыл шаруашылығындағы қаржы-несие қатынастарының қазіргі даму деңгейі экономиканың аграрлық секторын мемлекеттік реттеу мен қаржылық қолдаудың барабар жүйесін қалыптастыру мен дамытудың өзектілігін көрсетеді [1].

Жалпылай айтқанда, мемлекеттік қаржылық қолдауды жетілдіру мен оларды тиімді пайдалану жөнінде отандық және шетелдік ғалымдар мен мамандардың бірнеше ой-пікірлері әдебиеттер көздері арқылы айтылып жатыр. Ондай пікірлер көбінесе шетелдік тәжіребелерге негізделеді. Мысалы, кейбір авторлар (В.П. Неганова, А.В. Дудник [2], Ш.М. Кантарбаева, А.Б. Тлесова [3]) несиелеу мен субсидиялауды жетілдіруді региондардан бастағанды ұсынады. М.И. Сигарев, С.М. Кантарбаева, З.З. Мейманқұлова, А. Рахметова және басқалары [4,5], Б.Т. Аймурзина, М.Ж. Каменова, М. Батай [6,7], Д.Т. Ахметова и другие [8,9] отандық авторлар несиелеуге бөлінетін бюджеттік қаражаттардың пайдалану тиімділігін арттыруға көңіл бөледі.

Біздің елде ауыл шаруашылығы субъектілеріне жеңілдетілген несие қаражатының болуын қамтамасыз ететін және ел экономикасының аграрлық секторын қалыптастыру және дамыту мақсатында оларды пайдалану тиімділігін арттыруға ықпал ететін қаржы институттарының бірі – арнайы құрылған «Аграрлық Несиелік Корпорация» Акционерлік Қоғамы атты қаржы институты екені бәрімізге мәлім. Ал бұл Корпорация Несиелік серіктестіктер арқылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерге жеңілдетілген несие түріндегі бюджет қаражатын беру арқылы оларға мемлекеттік қаржылық қолдау көрсетеді [10].

Дегенмен, қазіргі уақытта несиелік серіктестіктердің әлеуетті қатысушыларының шектеулі ресурстық мүмкіндіктеріне байланысты белгілі проблемалар әлі де орын алады. Өйткені ауыл шаруашылығы саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің көпшілігі қаржылық қиындықтарды бастан кешіруде. Сондай-ақ, Несиелік серіктестіктердің қатысушылардың тарапынан белгілі бір сұрақтар туындайды. Мысалы, олар несие алушыны анықтау тәртібі мен несие көлемін кім және қандай критерийлер бойынша белгіленетіні туралы сауалдар қояды [11].

Осындай және ауыл шаруашылық кәсіпорындарды қаржылық қамтамасыз ету үрдісіндегі Несиелік серіктестіктің рөлі мен іс-әрекетін бағалау сияқты сауалдар тұрғысынан Ақмола облысындағы барлық несиелік серіктестіктердің ең типтік өкілі – «Целиноградское» Несиелік серіктестік» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қызметін қарастырайық [12]. Ауылдық несие серіктестіктері әртүрлі меншік және шаруашылық нысандарындағы ауыл шаруашылығы субъектілерін біріктіреді және бөлінген бюджет қаражатын бөлу процесінде делдал қызметін атқарады.

## **Зерттеу материалдары мен әдістер**

Бастапқы материалдар ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жеңілдікпен несиелеу және ауыл шаруашылығы өндірісі мен материалдық-техникалық ресурстарды

несиелендіру сияқты негізгі нысандарды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын Қазақстан экономикасының аграрлық секторын мемлекеттік қаржылық қолдаудың қазіргі заманғы жүйесі болып табылады [13].

Қаржылық қолдаудың бұл нысандары мақалада «Целиноградское» Несиелік серіктестік» ЖШС қызметінің мысалында бірқатар жылдардағы нақты деректерді пайдалана отырып қарастырылды. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің қызметін талдауға арналған материалдар мен бастапқы деректер Несиелік серіктестік арқылы қаржыландырылатын кәсіпорындардың бірқатар жылдардағы негізгі экономикалық көрсеткіштері.

Объектілердің жай-күйі мен қызметтерінің тиімділігін зерттеу кезінде Несиелік серіктестіктің есебінен қаржыландырылатын ауыл шаруашылығы бөлімшелерінің өндірістік-қаржылық қызметін және кредиттік серіктестіктің өзінің қызметін өзара салыстыру динамикасы, экономикалық және статистикалық әдістері, абстрактілі-логикалық әдістер мен нәтижелерді талдау және жалпылау әдістерге негізделген салыстырмалы бағалау әдісі қолданылды.

### **Нәтижелер және оларды талқылау**

«Целиноградское» Несиелік серіктестік» ЖШС Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы № 641 бұйрығы, әділет органдарында 2004 жылғы 1 наурыздағы № 15698-1901- алғашқы мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі негізінде ұйымдастырылды. 2005 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-мен бірге несие серіктестігінің мүшелеріне Целиноград ауданының 23 ауыл шаруашылығы кірді. Несиелік серіктестіктің жарғылық капиталы 55,4 млн. теңге сомасында қалыптасты, оның ішінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ үлесі 8,7 млн.теңге немесе 15,6% құрады. «Целиноградское» НС» ЖШС қызметі жарғымен және қатысушылардың жалпы жиналысында бекітілген қағидалармен, ережелермен жүзеге асырылады және реттеледі.

Бұл қағидалар мен ережелер өте қажетті құжаттар болып табылады. Олардың ішінде ең маңыздылары, мысалы, Құрылтай шарты, Несие комитеті туралы ереже, Несиелеу бойынша құжаттаманы жүргізу тәртібі туралы ереже, Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер; Проблемалық несиелермен және активтермен жұмыс істеу ережелері және басқалары. Жарғыға сәйкес қатысушылардың жалпы жиналысы НС кеңесінің жеке құрамын несиелік комитет және аудитор бекітеді.

Бүгінгі таңда «Целиноградское» НС» ЖШС дамуында елеулі өзгерістер орын алды, бұл нақты көрсеткіштермен расталады. Осылайша, несие серіктестігі құрылған кезде оның қатысушылары небәрі 23 шаруа қожалығы болса, несиелендіру лимиті 99 миллион теңгеден сәл артық болды. Бүгінгі таңда бұл несие серіктестігінде 56 қатысушы бар, оның ішінде 28-ЖШС және 28 – шағын және жеке қожалықтар, ал несиелеу лимиті 6,5 млрд теңгеге дейін немесе 2005 жылмен салыстырғанда 66 есеге өсті. НС жұмыс істеген 20 жыл ішінде жалпы сомасы 31,4 млрд теңгеден астам несие ресурстары бөлінді, оның ішінде 24,3% ұзақ мерзімді және 75,7% қысқа мерзімді несие түрлері болды. 2022 жылы несиелік серіктестіктің барлық қатысушыларына көктемгі және күзгі дала жұмыстарына

3320 млн.теңгеге айналым құралдарын алуға несиелер берілді, ол жалпы соманың 72 пайызын құрайды. Осы несиелер арқылы фермерлер минералдық тыңайтқыштар, жанар-жағар май, улыхимикаттар, пестицидтер сатып алды. Сонымен қатар, 1 млрд. теңгеден артық сома негізгі құралдар, яғни трактор, комбайн, жүк көтергіш машина, ауылшаруашылық құрал-сайман т.б. құралдар сатып алуға берілді.

«Целиноградское» НС» ЖШС-нің соңғы бес жылдағы дамуы мен қызметінің нәтижелерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді толығырақ қарастырайық (1 кесте).

Кесте 1. «Целиноградское» НС» ЖШС-нің активтері мен міндеттемелері және капиталының жағдайы, мың теңге

Көрсеткіштер	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	Тізбекті өзгерісі, %	
				2021 ж.	2022 ж.
Активтер, барлығы	4925002	5719292	7192266	116,1	125,8
оның ішінде					
клиенттерге берілген займдар	4601544	5483568	7010656	119,2	127,8
олардың үлес салмағы, %	93,4	95,9	97,5	-	-
орналастырылған салымдар	277500	207545	108979	74,8	52,5
олардың үлес салмағы, %	5,6	3,6	1,5	-	-
Міндеттемелер, барлығы	4551799,0	5318434,0	6736929,0	116,8	126,7
оның ішінде					
клиенттерден алынған займдар	4505544	5299059	6708318	117,6	126,6
олардың үлес салмағы, %	99,0	99,6	99,6	-	-
резервтер	13780,0	13557,0	7611,0	98,4	56,1
Капитал, барлығы	373203,0	400861,0	455337,0	107,4	113,6
оның ішінде					
резервтік капитал	85640,0	86657,0	70329,00	101,2	81,2
бөлінбеген пайда	11283	9324	16745	82,6	179,6

Ескерту: авторлар [12] дереккөз негізінде құрастырған.

Активтер 2020 жылы 16,2%-дан 2021 жылы 25,8%-ға дейін, ал 2022 жылы 7,1 млрд теңгеге дейін өсті. Ауыл шаруашылық тауарөндірушілерге берілген займдардың активтердегі үлес салмағы 93,4-97,5% құрайды, бұл серіктестіктің негізгі қызмет түрлерін атап көрсетеді. Сонымен бірге серіктестіктің міндеттемелері 2020 жылы 4,5 млрд. теңгеден 2022 жылы 6,7 млрд. теңгеге дейін өсті. Міндеттемелер сомасының ұлғаюы серіктестіктің қызметінің толықтай қолайлы және іс жүзінде қажетті нәтижесі болып табылады, өйткені серіктестік рұқсат етілген банк операцияларын жүзеге асырады және мәні бойынша несиелер мекемесінің функцияларын орындайды. Абсолюттік өлшемде ол активтер шамасынан төмен, бірақта өсу қарқыны бойынша активтерден

біршама жоғары. Міндеттемелердің барлық сомасының 99-99,6 пайызы алынған займдардан тұрады. Капиталға келетін болсақ, оның шамасы жыл сайын 7,4 пайыздан 13,6 пайызға өскен, меншікті капитал құрамында бөлінбеген пайда 79,6 пайызға өскен. Бұл 1-кестеде келтірілген деректермен расталады.

2-кестеде КС-тің пайдасы мен шығынының құрамы мен құрылымын қарастырайық.

Кесте 2. «Целиноградское» НС» ЖШС-нің пайдасы мен шығынының құрамы мен құрылымы мың теңге

Көрсеткіштер	2020 ж.		2021 ж.		2022 ж.	
	Σ мың тг.	үлес салм, %	Σ мың тг.	үлес салм, %	Σ мың тг.	үлес салм, %
Кірістер, барлығы	506683	100	631726	100	802969	100
оның ішінде						0
сыйақы алуға байланысты кірістер	506599	100,0	631726	100	801888	99,9
басқадай кірістер	84,0	-	-	-	1081	0,1
Шығындар, барлығы	495401	100	622402	100	786224	100
оның ішінде						
сыйақы алуға байланысты шығындар	321481	64,9	437629	70,3	575739	73,2
операциялық шығындарға байланысты басқа да шығын- дар	173920	35,1	184773	29,7	210485	26,8
Таза пайда	11283	-	9324	-	16745	-

Ескерту: авторлар [12] дереккөз негізінде құрастырған.

2-кестеден кредиттік серіктестіктің кірістері жыл сайын өскенін байқауға болады. Ол 2020 жылы 507 млн.теңге құраса, 2021 жылы 632 млн.теңге немесе 24%-ға дейін, ал 2022 жылы 803 млн.теңге немесе 27,1%-ға дейін өскен. Талдау кезеңінде барлық кірістердің сомасы 99,9-100%-ға дейін өскен себебі сыйақы алуға байланысты, өйткені бұл кәсіпорын Ақмола облысы Целиноград ауданындағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге жеңілдікті несиелік беретін жалғыз қаржылық институт.

Жыл сайын несиелік серіктестіктің сыйақы төлеуге байланысты шығындары да өскен. Осындай шығындардың жалпы сомадағы үлесі 65-73%, операциялық шығындар үлесі 23%. Несиелік серіктестік бойынша ең үлкен таза пайда 2022 жылы 16,7 млн теңгеден астам сомаға алынды. 2022 жылы таза пайданың сомасы 2021 жылмен салыстырғанда 1,8 ретке өскен, осындай таза пайданың өсуі, кірістің өсу қарқыны, шығыстың өсу

қарқынынан жоғары болуына байланысты. Сонымен қатар, шығындар құрамында операциялық және басқадай шығындар үлесі төмендеген, бұл Несиелік серіктестіктің қызметінің оң жағдайын сипаттайды.

3-кестеде Несиелік серіктестіктің негізгі жұмысының нәтижесі берілген.

Кесте 3. «Целиноградское» НС» ЖШС ауылшаруашылығы тауар өндірушілерін несиелендіру жағдайы, мың теңге

Көрсеткіштер	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	Орташа жылдық өзгеріс қарқыны, %
Берілген несиелер, барлығы	4 033 143	2 550 200	3 639 515	3 307 551	4 393 519	102,2
оның ішінде						
қысқа мерзімді займдар	3 080 299	1 602 700	2 519 269	1 359 873	3 325 791	101,9
ұзақ мерзімді займдар	952 844	947 500	1 120 246	1 947 678	1 067 728	102,8
Несиені қайтару	3 822 062	3 202 250	2 951 883	2 519 280	2 838 141	92,8
Несиені қайтарудың үлес салмағы, %	94,8	125,6	81,1	76,2	64,6	-
Несие алған КС қатысушыларының саны, бірлік	59	56	54	54	56	98,7

Ескерту: авторлар [12] дереккөз негізінде құрастырған.

3-кестеде келтірілген деректерге сүйене отырып, 1 қатысушыға шаққандағы берілген несиелердің орташа мөлшерлемесі бойынша қарастырылатын кезеңде несиелеу көлемдерінде жалпы оң динамика байқалғанын бірден атап өтеміз. Несие алушылардың саны мен жалпы көлеміне келетін болсақ, олар жылдан жылға өзгеріп отырады. Мәселен, 2018 жылы берілген несие көлемі 4033 млн.теңге болса, 2022 жылы бұл сома 4393 млн. теңгені құраған. 2018 жылы 59 қатысушыға несие берілді, ал 2022 жылы «Целиноградское» НС» ЖШС-і 56 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге несие берді. Дегенмен, берілген несиелердің көлемі 8,9%-ға, ал 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 32,8%-ға өсті.

Берілген несиелердің құрылымын оларды пайдалану бағыттары бойынша бағалайтын болсақ, онда 2018 жылы жалпы көлемнің 71%-ы айналым қаражатын толықтыруға, ал қалған 29%-ы негізгі құралдарды сатып алуға және басқа да мақсаттарға алынған, яғни 2022 ж. – 72% және 28%. 2018 жылдың деңгейімен салыстырғанда негізгі құралдарды сатып алуға берілген несиелер үлесінің аздап өскені байқалады. Құрылымдағы бұл өзгерісті оң бағалауға болады, өйткені ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өз активтерін ұлғайтуға кредиттік ресурстардың айтарлықтай көлемін бағыттауы

олардың одан әрі дамуын, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өткізу көлемін ұлғайту үшін қажетті негізгі қорлардың жаңартылуын, технология мен қызмет аясын кеңейтуді көрсетеді.

3-кестеде келтірілген көрсеткіштерді толығырақ талдау серіктестік қызметіндегі кейбір оң және теріс өзгерістерді көрсетеді. Мысалы, берілген несиелердің орташа жылдық қарқыны жыл сайын 2,2 пайызға өсу тенденциясы байқалады, ал несиені қайтару жыл сайын кері қарқынды көрсетеді. Оның ішінде 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда берілген несиелердің жалпы көлемі де, бір қатысушыға шаққандағы көлемі де айтарлықтай төмендеді (37%-ға және 33%-ға). 2021 жылы берілген несиелер көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 10 пайызға, ал 1 қатысушыға шаққанда 9 пайызға қысқарды.

2020 жылға дейін несиенің негізгі үлесі (57-71%) айналым қаражатын толықтыруға, ал қалғаны негізгі қорларды сатып алуға, 2021 жылы, керісінше, барлық несиелердің 38%-ы айналым активтерін ұлғайтуға және 60%-дан астамы ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға жұмсалды. 2018 жылдағыдай 2022 жылы барлық несиелердің 70 пайыздан астамы жанар-жағармай, минералды тыңайтқыштар, пестицидтер, тұқымдар және басқа да айналым қаражаттарын сатып алуға жұмсалды.

Несиелік серіктестікке 56 қатысушылардың ішінде әртүрлі меншік және шаруашылық нысанындағы ауыл шаруашылығы құрылымдары болды. Серіктестік құрамында әр түрлі меншік және шаруашылық нысанындағы ауыл шаруашылық бөлімшелерінің болуы несиелеу лимитінің дамуында белгілі бір тәуекелді енгізеді. Сондықтан Несиелік серіктестік қатысушыларының барлығы несие ресурстарын алған жоқ, өйткені олардың белгілі бір бөлігі, әсіресе жеке тұлғалар бұрын алған несиелерінің қайтарылуын әрқашан қамтамасыз ете алмайды немесе олар несиелік комитет белгілеген талаптарға сәйкес келмейді [14].

Өткен жылдардағыдай, 2021 жылды қоспағанда, несиелер негізінен айналым қаражатын толықтыруға берілген. 2022 жылы серіктестікке қатысушылардың саны артып, 56-ға жетті. Несие ресурстарын алуға 70 әлеуетті өтініш берушінің тек 56 шаруа қожалығына 4393,5 млн. теңге, оның ішінде серіктестіктің өз қаражаты есебінен бір млрд. теңгеден астам несие берілді. Бұл несиелердің басым бөлігі – 3164,9 млн теңге айналым қаражатын толықтыруға алынған.

Берілген несиелердің құрамы мен құрылымындағы өзгерістерді 4-кестеде келтірілген мәліметтерден көруге болады.

4-кестедегі деректер 2018-2022 жылдары несиелер көбінесе айналым қаражатын толықтыруға және негізгі құралдарды сатып алуға берілгенін көрсетеді. 2015 жылдан бастап 2022 жылға дейін Несиелік серіктестік оларды құрылыс-монтаж жұмыстарына және шұғыл қажеттіліктерге (басқа мақсаттарға) бере бастады. Талданып отырған кезеңде қысқа мерзімді несиелердің үлесі (76,4%-дан 41,1%-ға дейін) төмендегенін және тиісінше ұзақ мерзімді несиелердің үлесі өскенін атап өткен жөн. Алайда 2022

жылы берілген несиелердің құрылымы қайтадан өзгеріп, қысқа мерзімді несиелердің үлесі 75,7%-ға дейін өсті.

Берілген несиелерді өтеуге келетін болсақ (3-кесте), ең төмен 2022 жылы (64,6%) және 2021 жылы (76,2%) болды. Қалған жылдар ішінде несиені өтеудің айтарлықтай жоғары деңгейі болғанын (81,1-125,6% аралығында) атап өткен жөн. Бұл «Целиноградское» НС» ЖШС өз қатысушыларының қызметіне тұрақты қаржылық мониторинг жүргізетіндігімен түсіндіріледі.

Кесте 4. Несиелердің құрамы және құрылымы

Несие түрлері	2018 ж.		2019 ж.		2020 ж.		2021 ж.		2022 ж.	
	Σ млн. тг	үлес салм, %	Σ млн. тг	үлес салм, %	Σ млн. тг	үлес салм, %	Σ млн. тг	үлес салм, %	Σ млн. тг	үлес салм, %
айналым қаражатын толықтыруға арналған несиелер	2865,4	71,0	1478	58,0	2404,1	66,1	1255,4	38,0	3164,9	72,0
негізгі қорларды сатып алуға несиелер	952,8	23,6	947,5	37,2	1120,2	30,8	1947,7	58,9	1067,7	24,3
басқа мақсаттарға арналған несиелер	214,9	5,3	124,5	4,9	115,2	3,2	104,4	3,2	160,9	3,7
Барлығы	4033,1	100	2550	100	3639,5	100	3307,5	100	4393,5	100

Ескерту: авторлар [12] дереккөз негізінде құрастырған.

Несиелік серіктестік бойынша мониторинг жыл сайынғы жоспарлы және жоспардан тыс талдаудан және несиелердің мақсатты пайдаланылуын, субъектінің қаржылық жағдайын және кепілді бағалаудан тұрады. Сонымен қатар, мүліктің сандық және сапалық жағдайын тексеру үшін әрбір маманның жеке баруы арқылы жүзеге асырылатын құқықтық мониторинг жүргізіледі. Мониторингтің негізгі мақсаты – жасалған келісімдердің талаптарын орындауда несиеленушілер үшін ықтимал проблемалары мен қиындықтарды ерте кезеңде анықтау, сондай-ақ несиені өтеу және несиеленушінің бизнесін сауықтандыру болашағын бағалау арқылы НС іс-әрекеттерін барынша арттыру. Серіктестік жүзеге асыратын үздіксіз қаржылық мониторинг әдістемесі келесі негізгі іс-шараларды жүзеге асырудан тұрады:

- НС басшысы мен мамандарының көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде оларды бақылау мақсатында тікелей ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына баруы;



- берілген займдарды мақсатына пайдалануына мониторинг жүргізу және мақсатты пайдалану нәтижелері бойынша актілер жасалады, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамытуға несиенің тиімділігіне мониторинг жүргізу;

- тоқсан сайын жүргізілетін қаржылық мониторинг және оның нәтижелері бойынша аралық рейтинг тағайындалады. Мұндай мониторинг барлық қатысушыларды, соның ішінде шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлерді қамтиды, олардың қаржылық мониторингі кассалық кітапшалар негізінде жүзеге асырылады;

- кепілді қамтамасыз ету мониторингі бекітілген кестеге сәйкес қамтамасыз ету жөніндегі маманмен жыл ішінде берілген несиелердің мониторингі әдістемесіне сәйкес жүргізіледі. Кепілге қойылған мүліктің сақталуы, сондай-ақ кепіл құнының НС нормативтік талаптарына сәйкестігі тексеріледі;

- өткен кезеңдегі НС қызметінің нәтижелері бойынша бекітілген кестеге сәйкес жылына кемінде бір рет кеңейтілген қаржылық мониторинг өткізіледі. Қаржылық қызметін талдау нәтижелері бойынша әрбір несие алушының қорытынды рейтингтері анықталады, олар жалпы НС рейтингіне әсер етеді.

Сонымен қатар, мониторинг жағдайында НС несие алушылардың қаржылық міндеттемелерін орындауын бақылайды, қаржылық есептілікті, кассалық кітаптарды, несиелерді мақсатты пайдаланылуын растайтын құжаттарды, салық декларацияларын және кеңейтілген мониторинг жүргізу үшін құжаттарды уақтылы ұсынуды талап етеді.

Несиелік серіктестіктерінің қатысушылары үшін несиелерді тікелей алушылардың қызметінің нәтижелері тәжірибелік қызығушылық танытады. Талдау ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерге берілген несиелердің көлемі несиелік серіктестікке қатысушылардың көпшілігінің өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік бергенін көрсетті.

Мысалы, 2018 жылы барлық НС қатысушыларының егіс алқабы 131 649 гектарды құрады. Заңды тұлғалар (ЖШС, АҚ) бойынша 89 005 га алқаптан ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, жиналды, дәнді дақылдардың орташа түсімі 18 ц/га, жалпы өнім 160 200 тоннаны құрады. Шаруа қожалықтарында 8501 гектар алқапқа дәнді дақылдар егіліп, орылды, орташа өнімділігі 18 ц/га, жалпы өнімі 15301 тоннаны құрады. 2022 жылы НС-ның барлық қатысушылары дәнді дақылдарға 136 046 га жер бөлді, оның ішінде заңды тұлғаларға 128 944 га немесе 94,8%, жеке тұлғаларға 7103 га немесе 5,2%. Өткен жылдардағыдай егілген ауыл шаруашылығы дақылдарының негізгі үлесін бидай (87%-дан астам) құрайды. Алайда, дәнді дақылдар өнімділігінің, яғни 2018 жылы 18 ц/га-дан 2022 жылы 11 ц/га-ға немесе 40%-ға жуық күрт төмендеуіне байланысты жалпы өнім 22%-ға төмендеді. Нәтижесінде 2022 жылы берілген несие көлемі 8 пайызға ғана өсті. Басқаша айтқанда, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиелендіру көлемі олардың өндірістік қызметінің нәтижелеріне тікелей байланысты екенін атап өтуге болады.

Қазіргі жағдайда мемлекет жыл сайын ауыл шаруашылығы саласын дамытуды ынталандыру мақсатында жеңілдікті несиелер түрінде ғана емес, субсидиялар түрінде де қаржылық қолдау көрсетеді [15]. Сондықтан, бүгінде мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі өзекті мәселесі болып отыр, яғни несиелер мен субсидияларды тиімді пайдалану.

## **Қорытынды**

Осылайша, «Целиноградское» НС» ЖШС-нің бес жылдағы (2018-2022 жж.) қызметін талдау келесідей қорытындылауға мүмкіндік береді:

1. Несиелік серіктестік республиканың барлық ауыл шаруашылық кредиттік несиелеу сияқты ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үшін құрылды;

2. Несиелік серіктестік ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерді тікелей несиелеуді қамтамасыз етеді және «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ жүйесінде несиелік мекеме болып табылады, акцияларының 100%-ы «Байтерек» ҰК» АҚ-на тиесілі;

3. 2022 жылы НС 56 қатысушыдан тұрды, оның ішінде 28 - ЖШС және 28-і шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлер;

4. Несиелік серіктестік талдау көрсеткендей өз қызметінің нәтижесінде активтердің, меншікті және заемдық капиталының рентабельділігін жеткілікті жоғары деңгейін, сондай-ақ шығындардың қолайлы деңгейін қамтамасыз етеді;

5. Несиелік серіктестік республикалық бюджеттен бөлінген несиелік ресурстарын бөлуге делдалдық көмек көрсету арқылы өзінің қаржылық тұрақтылығын көрсетеді. Оған несиелік серіктестігі активтерінің өсу қарқынының көрсеткіштері дәлел бола алады, ол ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерге берілген несиелер бойынша 93-97% құрайды, бұл оның негізгі қызметін атап көрсетеді. Меншікті капиталдың шамасы жыл сайын 7,4 пайыздан 13,6 пайызға, ал меншікті капитал құрамында бөлінбеген пайда 79,6 пайызға өскен.

6. Несиелік серіктестік ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерге берілетін несиелердің көлемін ұлғайта отырып, нәтижесінде несиелік серіктестігі қатысушыларының көпшілігінің өндірістік және қаржылық көрсеткіштерінің айтарлықтай жақсаруын қамтамасыз етеді.

Агроөнеркәсіптік өндіріс тиімділігінің төмендігі жағдайында жеке шаруашылықтарды дамытуда өте прогрессивті жетістіктер байқалуда. Мұндай кәсіпорындардың тәжірибесі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерге берілетін қаржылық және несиелік ресурстардың басқа да жағдайларын ескере отырып, өнім көлемінің өсуіне ықпал ететінін дәлелдеуге негіз береді. Бұл олардың қызмет етуінде де, қаржылық қолдауында да қиын жағдайларға қарамастан мүмкін болады. Сонымен қатар, талдау көрсеткендей, ұйымдастыру тәжірибесінде шаруашылықтарда материалдық шығындардың салыстырмалы түрде жоғары деңгейі бар екенін байқауға болады. Дегенмен, ресурстарды ұтымды пайдалану, мұндай кәсіпорындарда ұйымдастыру мен басқарудың жоғары деңгейі өндірістің айтарлықтай тұрақты деңгейін қамтамасыз етеді.

## **Әдебиеттер тізімі**

1 Тажибаева Р.М. Государственная поддержка аграрного сектора Казахстана // Проблемы агрорынка. -2021. - №1.- С.44-49

2 Неганова В.П., Дудник А.В. Совершенствование государственной поддержки АПК региона // Экономика региона. – 2018. – Т. 14. - С. 651–662

3 Кантарбаева Ш.М., Тлесова А.Б. Возможности скоринга при субсидировании сельхозтоваропроизводителей Республики Казахстан // Проблемы агрорынка. – 2019. - №1. – С.84-90

4 Сигарев М.И., Кантарбаева С.М., Мейманкулова З.З. и др. Кредитование сельскохозяйственного производства в Казахстане // Life Science Journal. 2014. No. 11. P. 299–302

5 Рахметова А., Калкабаева Г., Курманалина А., Серикова Г., Аймурзина Б. Финансово-кредитный и инновационный секторы экономики: оценка макроэкономических эффектов регулирования и взаимодействия секторов // Проблемы предпринимательства и устойчивого развития. – 2020. – № 8(1). –С. 1224–1237

6 Аймурзина Б.Т., Каменова М.Ж., Батай М. Роль аграрного сектора Казахстана в обеспечении продовольственной безопасности // Проблемы агрорынка. – 2019. – № 2. – С.20–27

7 Aimurzina B., Kamenova M., Omarova A., Karipova A., Auelbekova A. The economic nature of financial leverage of agricultural production // Journal of Applied Economic Sciences Volume 13, Issue 8, Winter. – 2018. – P. 2394-2405

8 D.T. Akhmetova, G.B. Utibayeva, B.S. Utibayev, R.M. Zhunusova, A. Baidakov, B.I. Tukenova. Forecasting Production Performance // European Research Studies Journal Volume XXI, Issue 2. - 2018. – P. 134-146

9 B.S. Utibayev, R.M. Zhunusova, G.B. Utibayeva, A. Baidakov, D. Akhmetova, A. Bulasheva, A. Taurbayeva, G. Abdykarimova. Methodological approaches to assessing the risk of innovative // Revista ESPACIOS; Vol.38 (№24). -2017. - PP. -35- 48

10 Аграрная кредитная корпорация [Электронный ресурс]. –URL: [https:// agrocredit.kz](https://agrocredit.kz) (дата обращения: 24.12.2023)

11 Г.Б. Утибаева, Байдаков А.К., Тукенова Б.И. Состояние кредитования сельскохозяйственных товаропроизводителей кредитными товариществами // Экономика и статистика. - 2019.-№2.- С.142-148

12 ТОО «Кредитное товарищество «Целиноградское» [Электронный ресурс]. - URL: [https:// celinograd\\_kt@mail.ru](https://celinograd_kt@mail.ru) (дата обращения: 24.12.2023)

13 Сигарев М.И., Нарынбаева А.С. Совершенствование государственной поддержки сельскохозяйственного производства в условиях интеграции стран ЕАЭС // Вестник Омского университета. Серия «Экономика». -2017. -№2(58). - С.155-164

14 Утибаева Г.Б., Жунусова Р.М., Ахметова Д.Т. Эффективность деятельности кредитных товариществ и кредитуемых сельхозтоваропроизводителей // Вестник науки КазАТУ им. С. Сейфуллина – 2019. - №3 (102). - С.159-167

15 Утибаева Г.Б., Утибаев Б.С. Оценка и прогнозирование эффективности реализуемых программ по финансовой поддержке развития агропромышленного комплекса. - Астана: Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина. - 2020. - С.136-146

**B.S. Utibaev, D.T Akhmetova, R.M. Zhunusova**

*S.Seifullin atyndagy Kazakh agricultural engineering zertteu university, Astana, Kazakhstan*

### **Assessment of the activities of a credit partnership and its role in the financial security of agricultural enterprises**

**Abstract.** The purpose of the article is to evaluate the role and activities of a credit partnership in the process of financial support for agricultural enterprises. Using abstract-logical and statistical methods in accordance with the goal, the tasks of dynamic assessment of the activities of Tselinogradskoe Credit Partnership LLP in the Akmola region were considered, determining its role in providing financial support to agricultural producers, the state of lending to these producers, in particular, were considered the structure of loans and their use, as well as identifying problems associated with them.

The state of income and expenses of the credit partnership, indicators of lending to agricultural producers, that is, their dynamics and structural changes, were assessed. As a result, from an economic point of view, it was found that the increase in net profit is determined, first of all, by the faster growth rate of income compared to the growth rate of expenses.

The intermediary activities of CT Tselinogradskoe LLP were analyzed based on the number of participants, the amount of loans issued by area, their return rates over the course of several years, as well as a positive result of the activities of the credit company,

A trend has been identified to increase the volume of lending to agricultural producers. And the efficiency of the credit partnership is confirmed by the improvement in the production and financial performance of participants and loan recipients.

Further development of the mechanism for lending to agricultural producers through credit partnerships should be carried out taking into account the results of the production and financial activities of the partnership participants, and their volume should take into account the results of the enterprises' activities.

**Key words:** state financial institutions, credit partnerships, financial support, agricultural producers, lending, performance efficiency, comparative assessment, production and financial activities of enterprises.

**Б.С. Утибаев, Д.Т Ахметова, Р.М. Жунусова**

*Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина,  
Астана, Казахстан*

### **Оценка деятельности кредитного товарищества и его роль в финансовом обеспечении сельскохозяйственных предприятий**

**Аннотация.** Цель статьи – оценить роль и деятельность кредитного товарищества в процессе финансового обеспечения сельскохозяйственных предприятий. С использованием абстрактно-логического и статистических методов в соответствии с поставленной целью рассмотрены задачи по динамической оценке деятельности ТОО «Кредитное товарищество

«Целиноградское»» Акмолинской области, определения его роли в оказании финансовой поддержки сельскохозяйственным товаропроизводителям, состояние кредитования названных товаропроизводителей, в частности, были рассмотрены структура кредитов и их использование, а также выявление связанных с ними проблем.

Оценено состояние доходов и расходов кредитного товарищества, показатели кредитования производителей сельскохозяйственной продукции, то есть их динамика и структурные изменения. В результате с экономической точки зрения было установлено, что увеличение чистой прибыли обуславливается, прежде всего, опережающим темпом роста доходов по сравнению с темпом роста расходов.

Посредническая деятельность ТОО КТ «Целиноградское» проанализирована исходя из количества участников, суммы выданных кредитов по направлениям, показателей их возврата в динамике нескольких лет, а также как положительный результат деятельности кредитной компании,

Определена тенденция увеличения объемов кредитования сельскохозяйственных товаропроизводителей. А эффективность деятельности кредитного товарищества подтверждается улучшением производственных и финансовых показателей участников, получателей кредитов.

Дальнейшее развитие механизма кредитования сельхозпроизводителей через кредитные товарищества должно осуществляться с учетом результатов производственно-финансовой деятельности участников товарищества, а их объема должны учитывать результаты деятельности предприятий.

**Ключевые слова:** государственные финансовые институты, кредитные товарищества, финансовая поддержка, сельхозпроизводители, кредитование, эффективность деятельности, сравнительная оценка, производственно-финансовая деятельность предприятий.

## References

1 Tazhibaeva R.M. Gosudarstvennaja podderzhka agrarnogo sektora Kazahstana [State support for the agricultural sector of Kazakhstan]. Problemy agrorynka [Problems of the agricultural market]. 1.44-49(2021).

2 Neganova V.P., Dudnik A.V. Sovershenstvovanie gosudarstvennoj podderzhki APK regiona [Improving state support for the agro-industrial complex of the region]. Jekonomika regiona [Economics of the region]. 14. 651-662(2018).

3 Kantarbaeva Sh.M., Tlesova A.B. Vozmozhnost skoringa pri subsidirovanii sel'hoztovaroproducitelej Respubliki Kazahstan [Scoring opportunities when subsidizing agricultural producers of the Republic of Kazakhstan]. Problemy agrorynka [Problems of the agricultural market]. 1.84-90(2019).

4 Sigarev M.I., Kantarbaeva S.M., Mejmankulova Z.Z. i dr. Kreditovanie sel'skohozjajstvennogo proizvodstva v Kazahstane [Lending to agricultural production in Kazakhstan] [Life Science Journal]. 11.299-302 (2014).

5 Rahmetova A., Kalkabaeva G., Kurmanalina A., Serikova G., Ajmurzina B. Finansovo-kreditnyj i innovacionnyj sektory jekonomiki: ocenka makroekonomicheskikh jeffektov regulirovanija i vzaimodejstvija sektorov [Financial, credit and innovation sectors of the economy: assessment of macroeconomic effects of regulation and interaction of sectors]. Problemy predprinimatel'stva i

ustojchivogo razvitija [Problems of Entrepreneurship and Sustainable Development]. 8(1).1224–1237(2020).

6 Ajmurzina B.T., Kamenova M.Zh., Bataj M. Rol' agrarnogo sektora Kazahstana v obespechenii prodovol'stvennoj bezopasnosti [The role of the agricultural sector of Kazakhstan in ensuring food security]. Problemy agrorynka [Problems of the agricultural market]. 2.20–27(2019).

7 Aimurzina B., Kamenova M., Omarova A., Karipova A., Auelbekova A. The economic nature of financial leverage of agricultural production. Journal of Applied Economic Sciences, 2394-2405 (2018)

8 D.T. Akhmetova, G.B. Utibayeva, B.S. Utibayev, R.M. Zhunusova, A. Baidakov, B.I. Tukenova. Forecasting Production Performance. European Research Studies Journal Volume XXI. 2.134-146 (2018).

9 B.S. Utibayev, R.M. Zhunusova, G.B. Utibayeva, A. Baidakov, D. Akhmetova, A. Bulasheva, A. Taurbayeva, G. Abdykarimova. Methodological approaches to assessing the risk of innovative .Revista ESPACIOS. 38(24).35-48. (2017).

10 Agrarnaja kreditnaja korporacija [Agricultural Credit Corporation [Electronic resource]. –URL: [https:// agrocredit.kz](https://agrocredit.kz) (Accessed:24.12.2023).

11 G.B. Utibaeva, Bajdakov A.K., Tukenova B.I. Sostojanie kreditovaniya sel'skohozjajstvennyh tovaroproizvoditelej kreditnymi tovarishhestvami [The state of lending to agricultural producers by credit partnerships]. Jekonomika i Statistika [Economics and Statistics]. 2.142-148(2019).

12 TOO «Kreditnoe tovarishhestvo «Celinogradskoe» [Tselinogradskoye Credit Partnership LLP]. [Electronic resource]. - URL: [https:// celinograd\\_kt@mail.ru](https://celinograd_kt@mail.ru) (Accessed: 24.12.2023).

13 Sigarev M.I., Narynbaeva A.S. Sovershenstvovanie gosudarstvennoj podderzhki sel'skohozjajstvennogo proizvodstva v usloviyah integracii stran EAJeS [Improving state support for agricultural production in the context of integration of the EAEU countries]. Vestnik Omskogo universiteta. Seriya «Jekonomika» [Bulletin of Omsk University. Series "Economics"]. 2(58).155-164 (2017).

14 Utibaeva G.B., Zhunusova R.M., Ahmetova D.T. Jеffektivnost' dejatel'nosti kreditnyh tovarishhestv i kredituemyh sel'hoztovaroiproizvoditelej [Efficiency of activities of credit partnerships and credited agricultural producers]. Vestnik nauki KazATU im. S. Seifullina [Science Bulletin of KazATU named after. S. Seifullina]. 3 (102). 159-167 (2019).

15 Utibaeva G.B., Utibaev B.S. Ocenka i prognozirovaniye jеffektivnosti realizuemyh programm po finansovoj podderzhke razvitija agropromyshlennogo kompleksa [Assessment and forecasting of the effectiveness of implemented programs for financial support for the development of the agro-industrial complex]. Astana: Kazahskij agrotehnicheskij issledovatel'skij universitet im. S. Seifullina [Astana: Kazakh Agrotechnical Research University named after. S. Seifullina]. 136-146 (2020).

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Утибаев Бегендык Саутович** – негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты, есеп және қаржы кафедрасының профессоры, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, 010011 Жеңіс даңғ., 62, Астана қ., Қазақстан.

**Ахметова Динара Төлеухановна** – экономика ғылымдарының кандидаты, есеп және қаржы кафедрасының доценті, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, 010011 Жеңіс даңғ., 62, Астана қ., Қазақстан.

**Жунусова Раушан Мустафиевна** – экономика ғылымдарының кандидаты, есеп және қаржы кафедрасының доценті, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, 010011 Жеңіс даңғ., 62, Астана қ., Қазақстан.

**Utibaev Begendyk Sautovich** – main author; Candidate of Economic Sciences; Professor of the Department of Accounting and Finance; S. Kazakh Research Agrotechnical University named after Seifullin; 010011, Zhenis Ave., 62, Astana, Kazakhstan.

**Akhetova Dinara Tolekhanovna** – Candidate of Economic Sciences; Associate Professor of the Department of Accounting and Finance; S. Kazakh Agrarian University named after Seifullin; 010011 Zhenis Ave., 62; Astana city; Kazakhstan.

**Zhunusova Raushan Mustafyevna** – Candidate of Economic Sciences; Associate Professor of the Department of Accounting and Finance; S. Kazakh Agrarian University named after Seifullin; 010011, Zhenis Ave., 62, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).